12. «Сильно радоваться» тіркесінің ұлттық киімге байланысты ауыспалы мағыналы баламасын табыңыз.

Ұлттық аспаптар:

13.Ұлттық аспаптарды атаңыздар.

14. Суреттегі музыкалық аспапты ата

15.Жеті ішектен тұратын музыкалық аспапты атаңыз

7 кезең : Ойынымыздың ең соңғы шешуші кезеңі **"Кім жүйрік"** деп аталады. Бұл кезеңде 20 сұрақ беріледі. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

1. Үш биді ата?
2. «Қыз Жібек пен Төлеген» жырын кім жазған?
3. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері
4. Абайдың шын аты.
5. Екі кісінің сөйлесуі.
6. Жұрнақтың қандай түрлері болады?
7. Жарық - қараңғы ыстық - суық қандай сөздер?
8. «Қазақ хрестоматиясын» кім жазған?
9. Екі ақынның өлең жарысы не деп аталады?
10. Қазақ тілінде неше септік бар?
11. «Ленинградтық өренім» өлеңінің авторы?
12. Оқшау сөздердің түрлері?
13. Заттың қимылын білдіретін сөздер сөйлемнің қандай мүшесі болады?
14. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
15. Халық ауыз әдебиетінің негізгі түрлері?
16. Қайда? Қалай? қашан? қай сөз табының сұрақтары?
17. Барыс септігінің сұрақтары?
18. Зат есім деген не?
19. Абайдың әжесінің аты кім?
20.«Абай жолы»романының авторы?

5. Мұғалімнің қорытынды сөзі:

- Міне, біздің бүгінгі ««Тіл жүйрікте кім жүйрік?»» атты білім сайысымыз да өз мәресіне жетті, сайыс болған жерде, әрине, жеңіс болады, жеңіліс болады, онда, бүгінгі сайысымыздың да жеңімпаз тобын анықтау қажет. Әділқазылар алқасы қоржындағы әр топтың жинаған ұпай санын шығарғанша кезекті әнге берейік.

«Жаса қазақ тілі!» әні

Осымен ойынымыз аяқталды!

Әділқазылар алқасына сөз береміз.